

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
«Айша» жекеменшік бөбекжай балабақшасының

Е Р Е Ж Е С І

Ұйымдық-құқықтық формасы - бөбекжай

Меншік түрі

- жекеменшік

Орналасқан орны

-130003, Қазақстан Республикасы,

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы 29
МКР ТОЛКЫН 1, дом 64

Ақтау қаласы

2021 ж.

1. Жалпы ережелер

«Айша» жекеменшік балабақшасы мектепке дейінгі ұйымы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарына «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 448 қаулысымен бекітілген Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын» және осы Ережені басшылыққа алады және шектелмеген мерзімге құрылады.

Балабақшаның құрылтайшысы (бұдан әрі - құрылтайшы):

Қазақстан Республикасының азаматы Амангелді Парасат Айдарұлы, ЖСН 010309550655 09.03.2001 жылы туылған, жеке куәлігі №042574586 12.04.2017 жылы ҚР ӘМ берілген. Дара кәсіпкерлікті тіркеу туралы сериясы 85100, тұрғылықты мекен-жайы ҚР Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «Толқын-1» , 64 үй, банктік реквизиттері: KZ32722S000011014198, БИК CASPKZKA , АО «Kaspi Bank»

Білім беру ұйымының үлгісі: Мектепке дейінгі ұйым.

Мектепке дейінгі ұйымның түрі: Балабақша

Ұйымдастырушылық- құқықтық нысанаы: Дара кәсіпкерлік.

Қазақ тілінде: «Айша» балабақшасы бұдан әрі аталуы «Балабақша».

Балабақшаның заңды мекен-жайы : ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы

«Толқын-1» , 64 үй

2. Балабақшаның мақсаттары, мәні, міндеттері және қызмет саласы

2.1. Балабақшаның негізгі мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық және физикалық, интеллектуалды дамыту, денсаулығын сақтау және нығайту, сондай-ақ, балаларға бақылау мен күтуді жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Балабақшаның мақсаты мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын тәрбиеленушілерді тәрбиелеу.

- Қазақстан Республикасының Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, Ережесін орындау;

- қосымша бағдарламаларды жүзеге асыру;

- балаларға бақылау мен күтуді жүзеге асыру болып табылады;

2.3. Балабақшаның негізгі міндеті болып:

- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балаларды қабылдауды жүзеге асырады.

- балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;

- азаматтықты, қазақстандық отаншылдықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, от басына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасы мен өзара іс-қимыл жасау;
- ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады;

2.4. Балабақша келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- ақылы түрде мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыру;
- қосымша жалпы дамыту бағдарламаларын;
- оқушылармен және ата-аналармен (занды өкілдермен) бірге әртүрлі бұқаралық жұмыстарды, демалыстарды, жарыстарды, саяхаттарды, көрмелерді, басқа да мектепке дейінгі балаларды дамытуға бағытталған іс шараларды ұйымдастыруды;

3. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі

3.1. Балабақшада тәрбиелеу-білім беру процесінің мақсаты болып:

- Қазақстан Республикасының азаматтарына мектепке дейінгі білім алу құқығын жүзеге асыруға жағдай жасау;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, дамытуды, бақылауды және күтуді жүзеге асыру;
- мектепке дейінгі жалпы білім бағдарламаларын жүзеге асыру;
- балалардың жеке физикалық ерекшеліктерін ескере отырып тұлға ретінде қалыптасуын, психикалық даму, жеке құндылықтарын дамыту болып табылады;

3.2. Мектепке дейінгі білім алудың мерзімі мен түрі, нақты бағдарламалар бойынша оқуы, талаптары және нәтижесін қалыптастыру Қазақстан Республикасының Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен анықталады. Білім алу мен оқудың әртүрлі түрін біріктіруге жол беріледі.

3.3. Балабақшаның білім беру үдірісінің мазмұны мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын ескере отырып құрастырылған және бекітілген Балабақшаның білім беру бағдарламасымен анықталады.

3.4. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламалары мектеп жасына дейінгі балалардың жастық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жан жақты дамытуды жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламасы – білімнің негізгі белгілерінің жиынтығы (көлемі, мазмұны, жоспарланған нәтижесі) оқу жоспарында көрсетілген ұйымдастыру-педагогикалық талаптары, оқудың күнтізбелік жазбасы, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламасы, курстар, тәртіп, сондай-ақ, бағалау және әдістемелік материалдар және басқа да құрамдас бөліктер.

3.5. Балабақша қолданыстағы заңнамаларда көрсетілгендей, нысананы, құралдарды, оқу әдісін және тәрбиелеуді өзі таңдауға құқылы. Мектепке дейінгі білім беруді жүзеге асыру барысында әр түрлі білім технологиясын, оның

ішінде қашықтықтан оқыту технологиясын, электрондық оқытуды қолдануы мүмкін.

3.6. Мектепке дейінгі білімді меңгеру бойынша тәрбиеленушілерді аралық аттестаттау және қортынды аттестаттау жүргізілмейді.

3.7. Балабақша мектепке дейінгі білім бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәрбиеленушілердің меңгеруін қамтамасыз ету мүмкіндігімен білім беру қызметін жүзеге асыратын бірнеше ұйымдардың ресурстарын, ал қажет жағдайда басқа да ұйымдардың ресурстарын, желілік нысандарын қолдануы мүмкін.

Мектепке дейінгі білім бағдарламасын жүзеге асырудың желілік нысанын қолдану көрсетілген ұйымның арасында жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

3.8. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде жүзеге асырылады.

3.9. Балабақша үш жастан алты жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі білім алуын, оларды бақылауды және күтуді қамтамасыз етеді.

3.10. Балабақша мектепке дейінгі білім бағдарламасы бойынша білім беру қызметі жалпы дамыту бағытындағы топтар бойынша жүзеге асырылады.

Ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

Кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

Мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

Орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

Ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

Мектеп алды жас – 5 жастан бастап (мектеп алды тобы);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушілердің игеру мерзімі - 5 жыл.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне:

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі:

Ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы) - ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат:

Кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ) - ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат:

Мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

Орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ) - ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат:

Ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ) - ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат:

Мектеп алды жас – 5 жастан бастап (мектеп алды тобы) - ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат:

Балабақша түлегі: дене бітімі дамыған, білуге құмар, өзіне сенімді және белсенді, эмоционалды елгезектікті меңгеруі тиіс.

Әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген;

Өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері болуы тиіс.

Балабақша топтарының толымдылығы (Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарсанитариялық қағидаларын бекіту туралы) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

3.11. Балабақшаның жұмыс уақыты Құрылтайшының қаржылық мүмкіндігі ескеріле отырып белгіленеді. Балабақшада бес күндік жұмыс аптасы режимі 12 сағаттан аспайды, сағат 8.00.-ден 20.00-ге дейінгі, 13.00-14. 00 аралығындағы түскі үзілісті қоспағанда 10.30 сағаттық күнделікті жұмыс уақытын қамтиды және мерекелер мен демалыс күндері (сенбі, жексенбі) жұмыс уақыты болып табылмайды.

3.12. Күн тәртібі, оқу жүктемесі, балалардың өзіндік қызметінің ұзақтығы, үздіксіз білім беру қызметі, серуендеуі, ұйықтауы санитарлық-гигиеналық талаптарға және нормаларға сәйкес анықталады және жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріп олардың дамуымен үйлеседі.

3.13. Балабақшаға төлем ақы мемлекеттің тапсырысы бойынша орналасатын тәрбиеленушілер үшін айына әр балаға **бекітілген нормадағы** теңгені құрайды, мұндай тапсырыс болмаған жағдайда төлем ақының бағасын ата-анамен келісу арқылы белгілейді.

3.14. Тәрбиеленушінің балабақшаға келмей қалуы себепті болған жағдайда (күжаттармен расталған жағдайда мысалы: анықтама және т.б.) келмеген күндері үшін ата-ананың талабы бойынша күнделікті тамаққа төленетін ақыны қайтарып алуға құқылы. Бір күндік тамақтың ақысы _____ теңгені құрайды.

3.15. Балабақшада қозғалыс режимі, физикалық жаттығулар және шынықтыру шаралары балалардың денсаулығын, жасын және жыл мезгілін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Балабақшада келесі қозғалыс ережелері қолданылады: таңғы гимнастика, ғимараттың ішінде және сыртында дене шынықтыру, дене шынықтыру минуттары, қозғалыс ойындары, спорттық жаттығулар және басқалар.

3.16. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәрбиеленушілердің физикалық және психикалық денсаулығына зиян келтіретін әдістерді, оқу және тәрбиелеу құралдарын, білім беру технологиясын қолдануға қолдануға тиым салынады. Балабақшада тәртіп педагогикалық қызметкерлердің, тәрбиеленушілердің адами қасиеттерін сыйлау арқылы қолдауға бағытталады. Тәрбиеленушілерге қатысты физикалық және (немесе) психикалық қысым жасалуға жол берілмейді.

3.17. Балабақшада тәрбиеленушілерді олардың және (немесе) ата-аналарының (занды өкілдерінің) келісімінсіз мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында көрсетілмеген еңбекке тартуға тиым салынады.

3.18. Балабақшада тәрбиеленушілерге үй тапсырмасы берілмейді.

3.19. Балабақшаның қызмет кезеңдері 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі;

3.20. 1 маусым мен 31 тамыз аралығында - жазғы сауықтыру кезеңі;

3.21. мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді балабақшадан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4. Білім беру қатынастарының қатысушылары

4.1. Балабақшада білім беру қызметінің қатысушылары болып тәрбиеленушілер (мектепке дейінгі оқу бағдарламасын меңгеруші тұлға), олардың ата-аналары (занды өкілдер), педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

4.2. Балабақша қызметкерлерімен тәрбиеленушілер қарым-қатынастары тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дамуына еркіндік беруге, жеке қасиеттерін сыйлауға негізделеді.

4.3. Балабақша әрбір баланың құқығын Халықаралық Шарттар мен Конвенцияларға, ҚР заңнамаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4.4. Балаға кепілдік беріледі:

- өмірі мен денсаулығын қорғауға;
 - физикалық және психикалық қысымның барлық түрінен қорғауға;
 - оның жетістіктерін қорғауды;
 - эмоционалдық-тұлғалық тілдесуге қажеттілігін қамтамасыз етуді;
 - жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру (тамақтану, ұйықтау, демалу және т.б.);
 - оның қызығушылығына байланысты шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды;
 - қосымша білім беру (соның ішінде ақылы түрде) және басқа да қызметтерді.
- 4.5.** Мектепке дейінгі білім алу бағдарламасы бойынша тәрбиеленушілерге тәртіптік жазалар қолданылмайды.

4.6. Тәрбиеленушілердің ата-аналары құқылы:

- балаға мектепке дейінгі білімді от басында білім алушыны ата-анасының шешімімен (занды өкілдерінің) оның пікірін ескере отырып Балабақшада білім берудің кез келген сатысында жалғастыруға;
- ақысыз түрде тәсілдік, психикалық – педагогикалық, диагностикалық кеңестер алуға;
- мектепке дейінгі білім беру аяқталғанға дейін баланың пікірін, психолог - әдіскер – педагогикалық комиссияның (олар бар болса) ескере отырып, білім мен оқу түрін, парциалдық түрін, оның ішінде сауықтыру, және Балабақша ұсынған басқа да бағдарламаларды таңдауға;

- балабақшаның талаптарына сәйкес, баламан жұмыс жасайтын тәрбиешіні таңдауға;
- Балабақшаның Ережесімен танысуға, қызметін жүзеге асыруға және басқа да Балабақшаның ұйымдастырушылық құжаттарымен танысуға;
- білімнің мазмұнымен, оқыту мен тәрбиелеуге қолданылатын әдістермен және білім беру технологиясымен танысуға;
- баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- тәрбиеленушілерді жоспарланған барлық тексерілудің түрі туралы ақпарат алуға (психологиялық, психо-педагогтық), мұндай тексерістердің жүргізілуіне келісім беруге және оларға қатысып немесе қатыспауға, тексеріс қортындысы туралы ақпарат алуға;
- білім беру қатынастарын реттеу комиссиясына жүгінуге;
- Балабақша басшысына тәрбиелеу ақысын кешіктіруге өтініш білдіруге;
- Балабақшамен арасындағы шартты Балабақша басшысын 10 күн бұрын хабарлай отырып уақытынан бұрын тоқтатуға;
- тәрбиеленушінің Балабақшаға келмей қалуы себепті болған жағдайда, келмеген күндері үшін

4.6. тармақта көрсетілген тамаққа төленетін ақыны қайтарып алуға;

- тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 2 айдан артық емес демалысына жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;
- тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

- ҚР білім туралы және басқа да заңдарында, Балабақшаның локальдық актілерінде көрсетілген басқа да құқықтарға ие болады.

4.7. Тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) міндетті:

- өздерінің балаларын тәрбиелеу үшін жауапкершілікті жүктеуге;
- баланың күн тәртібін оның жас және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес сақтауға, оның дамуы мен білім алуын қамтамасыз етуге;
- білім беру үдірісіне қатысы бар баланың денсаулық жағдайындағы өзгерістерді хабарлауға;
- Балабақшаның қызметкерлері мен тәрбиешілерді құрметтеуге;
- Балабақша мен ата-аналар (заңды өкілдері) арасындағы шарттың тараптарын орындауға;

- ҚР білім туралы және басқа да заңнамаларында, Балабақшаның локальдық актілерінде көрсетілген басқа да міндеттерге ие болады.

- педагогикалық қызметкер деп – ҚР заңнамаларында көзделген еңбек, әлеуметтік кепілдіктер және өтем ақыларға байланысты құқықтар, шектеулер, міндеттер мен жауапкершіліктің жиынтығына ие тұлға.

4.9. Балабақшаның педагогикалық қызметкерлері келесі құқықтарға ие:

- еркін сабақ беруге, өз ойын ашық айтуға, кәсіби қызмет бостандығына себепсіз араласу;

- оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, құралдарын, оның педагогикалық негізделген түрін таңдау еркіндігі;
- шығармашылық бастамаға құқықты, оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы аясында авторлық бағдарламаларды, әдістерді құрастыруға және қолдануға;
- Балабақша басшылығынан қызметтік міндеттерін орындау үшін жағдай жасауды талап етуге;
- ҚР заңнамаларында, кәсіби қызметтік нұсқаулықтарда көрсетілген еңбек құқықтары және басқа да құқықтарға ие;

4.10. Балабақшаның педагогикалық қызметкерлерінің міндеті:

- өзінің қызметтік міндеттерін жоғары деңгейде атқаруға;
- әдеп, кәсіби және басқа да қарым қатынас ережелерін сақтауға және басқа да қызметкерлермен тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ар намысын құрметтеуге;
- ҚР заңнамаларында, қызметтік нұсқаулықтарда көрсетілген міндеттерге ие.

4.11. Балабақшаның білім беру қызыметімен айналысатын педагогикалық қызметкерлері, Балабақшаға тәрбиеленушілеріне ақылы түрде білім беру қызметін көрсетуге құқылы емес, егер бұл педагогикалық қызметкердің мүддесіне қайшылықтарға әкелсе. Педагогикалық қызметкерлерге білім беру қызыметін саяси үгіт жүргізу үшін, тәрбиеленушілерді діни сенімдерге мәжбүрлеуге немесе өз сенімінен бастартуға мәжбүрлеуге, дініне, ұлтына басқа да бостандықтарын шектеуге жол берілмейді.

5. Балабақшаға тәрбиеленушілерді қабылдау мен шығару тәртібі

5.1. Балабақшаға тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару ережесі және тәртібі ҚР заңнамасымен, заңнамада реттелмеген бөліктер Осы Ережемен және Балабақшаның басқа да локалдық актілермен реттеледі.

5.2. Балабақшаға денсаулық жағдайында қайшы көрсеткіштері жоқ 1-ден 6 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Балабақша топтарындағы балалардың санитарлық нормалары, балабақшаның қаржылық жағдайын ескере отырып анықталады.

5.3. Балабақшаға балаларды қабылдағанда Балабақшаның Ережесімен және басқа да қажетті құжаттармен балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) таныстыруға міндетті.

5.4. Балабақша мен ата-аналардың (заңды өкілдердің) қарым қатынасы, тараптардың өзара құқықтары, міндеттер мен жауапкершілікті қамтитын шартпен реттеледі.

6. Балабақшаны басқару

6.1. Балабақшаны басқару ҚР «Білім туралы» Заңымен, басқа да заңдармен және осы Ережемен реттеледі. Балабақшаның қатысушысы жеке дара құрылтайшы болып табылады.

6.2. Балабақшаның құрылтайшысының құзыретіне:

- Балабақшаны құру, қайта құру және тарату;
- Бекітілген Ереже аясында қызыметтің басым бағыттарын анықтау;
- Балабақша Ережесін бекіту, өзгерту және қосымша енгізу;

Балабақшаға балаларды қабылдау және іріктеу тәртібін бекіту;
педагогикалық кадрларды аттестациялау мен біліктілігін көтеру туралы
заңдарды бірге шешу;

Балабақшаның құрылтайшыларының құзыреттілігіне кіретін басқа да
заңдар жатады.

6.3. Балабақшаны басқару дара басшылық арқылы жүзеге асырылады және
оны тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

Балабақшаның басшысының құзыретіне

мектепке дейінгі ұйымның атынан әрекет етеді, барлық мемлекеттік және
жеке меншік ұйымдарда оның атынан өкілдік етеді;

- қаражатты басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенімхаттар
береді, банктерде есептік және басқа шоттар ашады;

- өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері орындауға
міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;

- кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан
Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді
жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату құқығын пайдаланады;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті
стандартының талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес
мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру үшін
жағдайлар жасайды;

- балалар мүдделерін отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған
осымша қызметтер ұйымдастырылады;

- баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе
занды өкілдерін Ережемен, қабылдау тәртібі мен оқыту-тәрбиелеу процесін
және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібі регламенттейтін
шарттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт
жасасады;

- мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді
пайдалануын қамтамасыз етеді.

6.4. Балабақшаның басшысының міндеттері:

ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері
негізінде жеке тұлға қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға
бағытталған сапалы білім алу үшін қажет жағдайлар жасау;

балалардың шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту,
замангершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру,
аралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой өрісін байыту;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен
Республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүлерін
ерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

- педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз
ету;

- тәрбиеленушілердің білім алу бағдарламасын толық түрде жүзеге асыру
және оны қамтамасыз етуге жағдай жасау;

- тәрбиеленушілердің келіп кетуінің қауіпсіздігін, қызметкерлермен қоса алғанда өмірі мен денсаулықтарының дамытуды қамтамасыз ету.

6.5. Балабақшаның басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
- өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
- мектепке деңгейі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны;
- тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау үшін;
- қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды мақсатты пайдаланылмағаны үшін жауапты болады.

6.6. Балабақшаның құзыретіне жатады:

- Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- Оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- Білім беру ұйымдарын материалдық- техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) ұсыну;

- Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

- Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету.

7. Балабақшаны қайта құру және тарату

Балабақшаны қайта құру (қосылу, бірігу, бөліну, айырылу, өзгеру) немесе тарату өз еркімен не уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе сот органның шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Қайта құру мен тарату ҚР заңнамаларына сәйкес реттеледі.

8. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Балабақшаның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар немесе жаңа нұсқасы құрылтайшымен бекітіліп ҚР заңнамаларына сәйкес тіркеудің өткеннен кейін күшіне енеді.

Ережеде барлығы

_____ 11 парақта

тігілген және нөмірленген

